# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 17 (1569)
12 мамыр
2015 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz


# ПО ПУТИ РЕФОРМ

**В КазНУ на расширенном заседании президиума ассоциации выпускников, возглавляемой Председателем Верховного Суда РК К.Мами, обсудили стоящие перед университетом и сообществом выпускников задачи в свете пяти институциональных реформ, выдвинутых Президентом РК Н.Назарбаевым.**



В заседании приняли участие члены президиума ассоциации, выпускники университета - видные общественные и политические деятели, ученые, бизнесмены, актив вуза, преподаватели и студенты.

Ректор КазНУ академик Галым Мутанов открывая встречу, поприветствовал в стенах альма-матер собравшихся и подробно рассказал об основных достижениях в деятельности университета за прошедший год, а также о роли ассоциации по объединению выпускников для усиления лидирующей позиции вуза.

«Ассоциация объединяет выпускников КазНУ разных лет, среди них - государственные деятели, политики, дипломаты, представители бизнеса, ученые, в том числе представители судебных и правоохранительных органов. Главной задачей каждого из нас является внесение посильного вклада в развитие и процветание нашего независимого государства», - подчеркнул в своем выступлении ее руководитель Кайрат Мами.

Далее в выступлении он подробно остановился на институциональной реформе по обеспечению в Казахстане верховенства закона, отметив, что построение высокопрофессиональной и подлинно независимой судебной власти продолжает оставаться одной из актуальных и неотложных задач, стоящих перед нашим государством

«Президент страны отметил, что именно соблюдение принципов обеспечения закона в конечном итоге станет основой для экономического роста. Общеизвестно, что ключевую роль в данном направлении играет судебная система. Деятельность судов определяет эффективность правовой защиты институтов собственности и инвестиций, что непосредственно отражается на уровне экономического и политического развития страны. Благодаря политике Главы государства в стране осуществлено глубокое реформирование судебной системы, и на сегодня она состоялась как полноценная и эффективно работающая ветвь государственной власти. Создана законодательная база, упрощаются процедуры судопроизводства, расширяется доступ населения к правосудию, внедряются технологии», - сказал Председатель Верховного суда РК.

Глава ассоциации отметил, что университету по праву принадлежит ключевое место в системе подготовки высококвалифицированных кадров нашей страны. Его выпускники успешно работают в различных секторах экономики, в сфере государственного управления и науки, на них лежит огромная ответственность по решению многоплановых задач, поставленных Президентом страны.

«Цель ассоциации - содействие деятельности университета в подготовке специалистов новой формации, усиление партнерства, укрепление корпоративного духа выпускников и внесение посильной лепты в развитие государства. На базе ассоциации совместно с университетом сформирован эндаумент фонд, проводятся совместные мероприятия, это свидетельствует о крепком сотрудничестве сторон. Важно, что университет не останавливается на достигнутом и постоянно совершенствуется»,- подчеркнул Кайрат Мами.

На встрече выступили доктор экономических наук, академик К.Сагадиев, депутат маслихата г.Алматы М.Адильханов, проректор КазНУ по интеграции науки и образования З.Шаукенова, советник ректора А.Естаев, декан юридического факультета, профессор Д.Байдельдинов и др.

Выступающие отметили, что для успешного воплощения в жизнь важнейших институциональных реформ Главы государства, которые позволят нашей стране выйти на новый этап развития, сделают ее конкурентоспособной и авторитетной на мировой арене, каждый гражданин страны должен принять деятельное участие.

*Продолжение на 2 стр.*

# Ерлік шежіресі – ұрпаққа ұлағат

Жеңіс күні қарсаңында ҚазҰУ жыл сайынғы дәстүр бойынша соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған салтанатты құттықтау рәсімін өткізді.

Оққа кеудесін тосып, ажалға қарсы қасқайып тұрған, қасық қаны қалғанша жаумен айқасқан батырлардың ерлігін ұмытпау, оны ұрпаққа ұлықтау парыз. Қан майданда жан алысып, жан беріскен ҰОС ардагерлері мен елінің жарқын болашағы үшін ерен еңбек еткен тыл еңбеккерлерінің қызметі ұрпақ жадынан мәңгі өшпесі анық. Осы орайда ҚазҰУ жыл сайын ардагерлердің ерлік істерін дәріптеп, құрметтеуді, ұлағатын ұрпаққа жеткізуді назардан еш қалдырған емес. Жыл өткен сайын қатары сиреп бара жатқан қазыналы қарттарымызға арналған жиынды бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев ашты. Ол: «Бізге бүгінгідей бейбіт күн мен жарқын болашақ сыйлау үшін Ұлы Отан соғысына қатысып, қасірет көрген жандардың біркатары, міне, ортамызда отыр. Сіздер қандай құрметке де лайықсыздар. Бейбіт заманда алаңсыз өмір сүруіміз үшін, қазақ шаңырағы тіктеліп, бұғанасы бекем болуы үшін қосқан өлшеусіз еңбектеріңізді ешқашан ұмытпаймыз», – дей келе, ардагерлер мен жиналған қауымды келіп жеткен Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойымен құттықтап, отбасыларына амандық, дендеріне саулық тіледі.

*Жалғасы 2-бетте*

# *Новый Шелковый путь -2015*

***В КазНУ состоялась очередная студенческая международная конференция «Модель ООН – Новый Шелковый путь-2015», которая собрала около трехсот делегатов из 15 стран Азии и Европы и была посвящена знаменательной дате –70-летию ООН.***

Почетными гостями мероприятия стали Посол Южно-Африканской Республики в Казахстане Шириш Сони с супругой, Генеральный консул США в Алматы Тереза Гренчик, Генеральный консул Венгрии Ференц Блауман, представители консульств России, Германии, Франции, Афганистана. Со словами поддержки молодым делегатам выступили представитель и субрегиональный директор UN-FPA Николай Ботев, представитель Департамента общественной информации Секретариата ООН в РК Властимил Самек, ведущий сотрудник программы информации и коммуникации Кластерного бюро ЮНЕСКО в Алматы Сергей Карпов. Церемонию открыл первый проректор КазНУ Мухамбеткали Буркитбаев.

*Продолжение на 3 стр.*


БҮГІНГІ САНДА:

ЗАМАНАЛЫ ҮРДІС – ҒАЛЫМ ӨНЕГЕСІНІҢ АРҚАУЫ — 3-бет



БҮГІНГІ САНДА:

МАТЕМАТИКА В СОЦИОЛОГИИ — 4-стр.



БҮГІНГІ САНДА:

ҮЗДІКТЕР СЫНҒА ТҮСКЕН КҮН — 7-бет



*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# Ерлік шежіресі – ұрпаққа ұлағат



Тылда еңбек еткен ерлердің жанкешті еңбегі мен офицер-солдаттардың айбыны қашанда мақтануға тұрарлық іс. Отанын жаудан қорғап, ұрпаққа жеңіс сыйлаған, ашқұрсақ жүріп, қаһарлы күнніңызғары табанынан өтсе де ұрыста алдыңғы шепте тұрған олардың жанқиярлық істері – ұрпаққа мәңгі өнеге.

Жеңіс күні қарсаңында жайылған дастархан соғыс ардагерлері, тыл жұмыскерлері мен ұстаздар қауымына арналды. Шақырылған қонақтардың ішінде сөз сөйлеген филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев: «Биыл Ұлы Жеңіске 70 жыл толып отыр. Қалыптасқан дәстүр бойынша Жеңіс күні алдында бас қосып отырмыз. Қазір егемен елде өмір сүріп жатқан барлығымыз бақыттымыз! Бейбіт елде білім алып, өсіп келе жатқан жастар қандай бақытты?! Сұрапыл соғыста өткен әр минут, секундттың қиындығы, оның зардабы артта қалды. Алда тек жеңісті күндер көп болғай. Еліміздің болашағы жарқын болсын», – деп ақ тілегін арнады. Ардагер-ұстаз Оспанов Хабибулла Құсайынұлы тылда еңбек еткен жандардың бір кісідей қиыншылықты бастан өткергендігін баса айтып, ол да зұлматты күндердің артта қалып, бүгінде мерейлі күнге жеткенімізге шүкірлік етті.

Расында да, ұрпақ мүддесін ойлаған өнегелі жандар ел есінде мәңгі сақталары сөзсіз. Өзіндік айтары бар, өмірі ғибратқа толы, тағылымы мол карттарымыздың қаһармандығы, Отанға деген кіршіксіз таза махаббаты – жастар үлгі аларлық дүние. Осыны терең түсінген ҚазҰУ студенттері аяулы ардагерлерге Жеңіс үшін алғыс айтып, концерттік бағдарлама ұсынды. Патриоттық әндерді әуелете шырқап, карттарды әсем әуен ырғағымен биге шақырды. Сондай-ақ, кеште домбыра шанағынан күй төгіліп, университет оркестрі «Сарыарқа», «Балбырауын» сынды композицияларды нақышына келтіре орындады. Кеш соңына қарай ардагерлер мерекелік кешті ұйымдастырушыларға шексіз алғыстарын білдіріп, жақсы көңіл-күймен тарқасты.

Айта кетерлігі, ардагерлеріміздің ерлігін жас ұрпаққа насихаттау мақсатында жыл басынан бері ҚазҰУ-да көптеген ірі шаралар өткізіліп келеді. Олардың ішінен бір кезеңі Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Студенттік көктем-2015» көркемөнерпаздар байқауын, диагностикалық орталықта өткен қария-ардагерлерге арнап тегін дәрігер кеңесін беру акциясын және де «Әл-Фараби» кітапханасында Жеңіс күні қарсаңында өткен «Жеңістің рухы биік, даңқы мәңгі» атты кездесуді ерекше атап өтуге болады.

**Жұлдыз ӘБІЛ**

## ҚЫСҚА-НҰСҚА

Жуырда филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының базасында «Абайтану» атты республикалық оқу-әдістемелік семинар өткізді.

Семинарда Абай ҒЗИ-дің сайтының құрылымы таныстырылып, абайтану бойынша қосымша материалдар ұсынылды. Тыңдаушыларға «Абайтану» оқу-әдістемелік семинарының бағдарламасын толық игергені туралы арнайы сертификат берілді.

**Ләйлә МҰСАЛЫ**

***

24 сәуірде физика-техникалық факультеті жылу физика және техникалық физика кафедрасында сырттай білім беру бөлімінің көмегімен мектеп пен университет арасында көпір орнату мақсатында кезекті on-line сабағы өтті. Оқушыларға мамандық таңдауда бағыт беретін шараның осы жолғы ерекшелігі жаратылыстану факультеттеріндегі шет тілдер кафедрасының белді оқытушысы Гумарова Шолпан Билашевнамен бірлесе отырып, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жүргізілді. Оған ШҚО-ның тоғыз мектебі, Алматы қаласының 2 мектеп-гимназиясы, Алматы облысының 2 мектебінің оқушылары және М. Дулати атындағы ТарМУ-дың бакалавр деңгейінде білім алушы студенттері қатысты. Оқушылар мен студенттер біздің университетімізге деген қызығушылықтары зор екенін айтып, көптеген сұрақтар қойды.

**А. ҚҰЙҚАБАЕВА,**
*жылу физика және техникалық физика кафедрасының доценті*

***

Недавно в г. Ташкент прошел 19-ый конкурс ораторского искусства на японском языке среди стран Центральной Азии. В конкурсе приняли участие 16 студентов из Казахстана, Киргизии, Таджикистана, Туркменистана и Узбекистана. По итогам конкурса 2-е место заняла студентка факультета Востоковедения, кафедры Дальнего Востока и Южной Азии Сабик Ергул. Тема ее речи была «Проблема казахского языка в Казахстане». Она показала себя как истинный оратор и оставила огромное впечатление в сердцах жюри.

**Г. БАХАУИТДИНОВА,**
*ст. преподаватель кафедры Дальнего Востока и Южной Азии*

***

Жуырда география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай «Толағай» атты эстафеталық ойындар өтті.

Ойынға «География» мамандығынан «Қыран» тобы және «Жерге орналастыру» мамандығынан «Жігер» тобы қатысып, өздерінің спорттық сайыстағы шеберлігін көрсетті. «Қыран» тобы 73 баллмен жеңіске жетті. Спорттық шара өте әсерлі өтті. Қатысушылар болашақта осындай спорттық іс-шаралардың жиі өткізіліп, салауатты өмір салтын ұстануды қолдайтыны жайлы өз ойларымен бөлісті.

**Ө.Ж. САҒЫМБАЙ**
**А.А. РЫСКЕЛДИЕВА**

***

Фихика-техникалық факультетінің белсенді студенттері ұйымдасып «Collider» деп аталатын факультеттік газет ашты. Факультет тарихындағы алғашқы студенттік газет қазір студенттер мен оқытушыларға қызмет етуде. Газет жұмыы «PhysArt», «PhysFactor», «Hunger Games» сияқты көптеген қызықты сайыстар ұйымдастыру арқылы студенттердің белсенді өмір сүруіне ықтимал етуде.

**Э. ЗУЛЬБУХАРОВА,**
*аға куратор-эдвайзер*

***

«Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының оқытушысы, доцент К.Е. Өтепберген және «Менеджмент және маркетинг» мамандығының студенттері ұйымдастырған «Табиғат сұлулығын сезіну» атты кеш өтті.

Кеште Қазақстанымыздың көркем жерлері жайлы фотосуреттер,видеороликтер көрсетілді.

**Г. ЕРМЕКҚЫЗЫ**
*ЭжБЖМ-нің 1-курс студенті*

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

# ПО ПУТИ РЕФОРМ

В рамках расширенного заседания Президиума были рассмотрены вопросы формирования и развития эндаумент фонда, привлечения в эту работу выпускников. Так выступая на встрече, академик Кенжегали Сагадиев призвал выпускников вуза постоянно поддерживать связь с университетом, активизировать сбор средств в эндаумент фонд, а также профинансировать строительство учебного корпуса. «У нас много состоявшихся успешных выпускников, которым профессиональную путевку в жизнь дал университет. Давайте объединимся и построим новый корпус, поддержим родной вуз, пусть это будет примером социальной ответственности для других», - поделился он своим мнением.

Также на заседании президиума ассоциации выпускников в его состав были избраны председатель правления АО «Казкоммерцбанк» Магжан Ауэзов, депутат маслихата г.Алматы Мурат Адильханов и генеральный директор РГП «Национальный центр по комплексной переработке минерального сырья» Абдурасул Жарменов.

В завершении встречи в торжественной обстановке Кайрат Мами вручил юбилейные медали «КазНУ им. аль-Фараби – 80 лет» ректору Жетысуского государственного университета им.И.Жансугурова, член-корреспонденту НАН РК, доктору юридических наук, профессору А.Е.Бектурганову, депутату маслихата г.Алматы М.А.Адильханову и судье экономического суда Костанайской области Б.С.Ордабаеву.

**ПРЕСС-СЛУЖБА**

## РЕКТОРАТ

# ҒЫЛЫММЕН ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА

***Мерекелі мамыр күндерінен кейінгі ректорат отырысы дәстүрлі шәкіртақы табыстау рәсімімен басталды.***

Бұл жолы талапты әрі талантты, оқуда үздік студенттерді шәкіртақымен марапаттау үшін мінбеге география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Виталий Сальников, Smart GIS Start up компаниясының жетекшісі Мәди Нұрсейітов, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі Назгүл Шыңғысова, баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі Жетпісбай Бекболатұлы, баспа және электронды БАҚ кафедрасының доценті Гүлнәр Мұқанова, аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының меңгерушісі Хайдар Тасибеков, қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі Съезд Ақымбек шықты. Қолдауды сезініп, жүздері қуаныштан балбұл жанған жастарды олар шын жүректен құттықтап, алда үлкен жетістіктер тіледі.

Ал күн тәртібіне көшкен тұста, алдымен, Жану мәселелері институтының қызметі туралы бас директоры Зұлхайыр Мансұровтың ақпары тыңдалды. Иститут құрылымы әкімшілік-шаруашылық, тәжірибелік-өндірістік, патенттік-ақпараттық және 13 зертхананы қамтитын гибридті технологиялар бөлімінен тұрады. Әлеуеті зор институт ғалымдары 2014 жылы 38 жобаны орындап шыққан. Оның ішінде ҚР БҒМ-нің 2012-2014 жылдарғы гранттық қаржыландыру негізіндегі 20 жобасы, мақсатты қаржыландыру бағдарламасы бойынша 3 жоба және ҚР БҒМ-нің 2013-2015 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру негізіндегі 7 жобасы бар. Сонымен қатар Зұлхайыр Аймұхаметұлы халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларға, 2011-2014 жылдар аралығындағы қаржыландыру динамикасына тоқталып өтті.

Биылғы жылы институт қызметкерлері 184 ғылыми мақала жариялаған. Оның 10-ы рейтингі жоғары шетелдік басылымдарда шықса, 78-і басқа да ҚР халықаралық басылымдарында басылған. Ал 52 материал алыс-жақын шетелдерде өткен конференциялардың еңбектері болып табылады. Бұған қоса өткен жылы институт ғалымдары қол жеткен жетістіктері де зор. Жас ғалымдардың ғылымдағы еңбектері, сәтті қадамдары жайлы үлкен мақтанышпен баяндаған бас директор жаңа зертхана және өзге де үздік жобаларға кеңінен шолу жасады. Оған қоса оқу үдерісіне енгізілген курстар және алдағы міндеттер мен мақсаттар да назардан тыс қалған жоқ. Университет ректоры академик Ғалым Мұтанұлы институт қызметіне жалпы оң баға беріп, оның беделді ҒЗИ ретінде қалыптасқандығын атап өтті. Институтының негізінен химия және химиялық технология факультеті ғалымдарынан тұратындығын ескеріп, пәнаралық негізде өзге де факультеттердің ғалымдарын ғылыми жұмыстарға жұмылдыруды, жобалар ауқымын кеңейте түсуді ұсынды.

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

**ҚазҰУ-да ҚР Жоғары соты төрағасы, университеттің Түлектер қауымдастығы президенті Қ. Мәмидің қатысуымен қауымдастық президиумының отырысы өтті**

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

# Новый Шелковый путь-2015

В этом году работа конференции была разделена на тематические секции: «Развитие пост - 2015: цели тысячелетия и молодежь» (Генеральная Ассамблея), «Возможные пути мирного урегулирования напряженной ситуации на Ближнем Востоке и Палестинский вопрос» (Совет Безопасности ООН), «Нетерпимость к дискриминации по отношению к людям с ограниченными возможностями» (Совет по правам человека), «Проблемы неравномерного экономического развития в отношениях Север-Юг» (Экосос).

На мероприятии обсуждались глобальные проблемы по повышению гражданской инициативы, укреплению прав человека и координации сотрудничества всех областей ООН. Участники также впервые рассмотрели перспективы принятия Казахстана в члены Совета Безопасности ООН в 2017 г., над этим, веховым для страны шагом, дипломаты Казахстана уже работают третий год.



Директор представительства департамента общественной информации ООН в Казахстане Властимил Самек отметил, что: «молодые люди активно участвуют в поиске решений проблем, с которыми сталкивается современный мир». Генеральный консул США в Алматы Тереза Гренчик пожелала делегатам «достижения навыков сотрудничества и коммуникации в целях развития нового Шелкового пути».

Особенностью конференции стало также то, что работа всех секций транслировалась в прямом эфире на международной коммуникационной площадке G-Global. Ознакомиться с выступлениями делегатов можно в интернете по ссылке: http://group-global.org/ru/conference/, а также на сайте www.youtube.com.

Один из организаторов Модели ООН профессор Колумбийского университета (США) Рафис Абазов подчеркнул «конференция открыла студентам новые горизонты сотрудничества и развития организаторского мастерства» и привел слова Генерального секретаря ООН Пан Ги Муна о том, что молодежь должна развивать «лидерские качества», «глобальное видение и мышление».

**А. БАЙЗУЛИНА,**
*студентка 2 курса факультета журналистики*

# Молодцы, филологи!

**В городском межвузовском конкурсе знатоков русской словесности «Язык есть исповедь народа», посвященного 20-летию Ассамблеи народа Казахстана, команда КазНУ заняла I место среди пяти команд вузов г. Алматы.**

В КазГосЖенПУ встретились команды Алматинского Технологического Университета, две команды Казахского Национального Педагогического Университета имени Абая, команда Казахского Государственного Женского Педагогического Университета и команда Казахского национального университета им. аль-Фараби. Так как по требованиям конкурса необходимо было подготовить команду из семи первокурсников с казахским, т.е. нерусским языком обучения, то на мероприятие были привлечены студенты казахского отделения факультета филологии, литературоведения и мировых языков, обучающиеся по специальности «Иностранная филология».

Программа конкурса состояла из очень трудных туров состязания, таких как десятиминутное приветствие, на тему: «20 лет мира, согласия и созидания», который включал в себя презентацию команды «Алые паруса» по двум номинациям: «Визитка», раскрывающая образ команды-участницы; и пятиминутное стилизованное выступление, посвященное 20-летию Ассамблеи народа Казахстана (эмблемы,речевка, слайды, танцы, нацинальные костюмы).

Главным в этом мероприятии был конкурс красноречия по таким актуальнейшим темам на сегодняшний день, как 20-летие Ассамблеи народа Казахстана, 70-летие Победы в Великой Отечественной войне, 20-летие Конституции Республики Казахстан, 550-летие казахского ханства. Он прошел просто на «ура».

Третий тур «Лингвистические задачи» – был самым интересным, так как он предполагал не только правильные, но и очень быстрые ответы на знания по лексикологии и фразеологии современного русского языка. И, в очередной раз, наши студентки хорошо справились и с этим заданием.

Четвертым, самым сложным и зрелищным, был тур костюмированного показа творческого домашнего задания – инсценированных представлений на тему «Пять веков истории», посвященных 550-летию Казахского ханства. Видно было, что все команды очень тщательно и серьезно подошли к данной теме. И здесь нашим девушкам не составило большого труда мастерски сыграть мужские роли.

Кафедра русской филологии, русской и мировой литературы, возглавляемая д.ф.н., профессором, д.ф.н. Б.У. Джолдасбековой, выражает огромную благодарность оргкомитету конкурса – кафедре русского языка и литературы факультета казахской филологии и мировых языков КазГосЖенПУ, особую признательность команде студентов-болельщиков из группы поддержки и, конечно же, победительницам: Д. Сейфуллиной – капитану команды, Ж. Абировой, А. Ерлан, М. Елеусизовой, А. Рахметовой, Е. Коныс и А. Тлеугазы. Им были вручены кубок, музыкальный центр, грамоты за первое место и «Зрительское предпочтение». Участница конкурса Енлик Коныс блестяще выступила на выбранную тему о войне и, члены жюри по достоинству оценив не только содержание ее речи, стиль выступления, но и ораторские способности, отметили ее именной грамотой в номинации «За высокий уровень речевой культуры». Также грамотами за подготовку команды были награждены преподаватели кафедры русской филологии, русской и мировой литературы Г.К. Тлеубай, А.И. Жусанбаева, К.Т. Кенжеева.

Активизация творческих способностей молодежи к изучению языков, повышение уровня речевой культуры, воспитание толерантности в студенческой среде – наша общая цель и решаемая задача.

**Куляш КЕНЖЕЕВА,**
*ст. преподаватель кафедры русской филологии, русской и мировой литературы*

**Жақында журналистика факультеті баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Өзбекова Гүлнар Сәмединқызының 50 жылдық мерейтойына арналған «Заманауи ақпарат кеңістігіндегі журналистика және әдеби сын» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған ұлттық БАҚ өкілдері, отандық баспасөз басшылары, әдебиетшілер мен сыншылар, студенттер мен магистранттар қатысты.**

# ЗАМАНАЛЫ ҮРДІС - ҒАЛЫМ ӨНЕГЕСІНІҢ АРҚАУЫ



Шараны ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақып құттықтау сөзбен ашты. Ол Гүлнар Сәмединқызын мерейтойымен құттықтап, қызметіне табыс тіледі.

Гүлнар Өзбекова 2002 жылдан бастап ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде еңбек етіп келеді. 2002-2007 жылдар аралығында мерзімді баспасөз кафедрасының аға оқытушысы, 2007-2010 жылдары доценттік қызмет атқарды. 2009 жылы наурыз айында ҚР Жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен «Доцент» ғылыми атағын алды. 2010 жылдан бүгінгі күнге дейін Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында доценттік қызмет атқарады.

Ұлағатты ұстаз 1991-1997 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде оқып, Мұхтар Құл-Мұхаметтің жетекшілігімен «Брокгауз-Ефрон» энциклопедиясындағы «Қазақ жері тарихының жазылуы» атты диплом жұмысын үздік бағаға қорғаған. 1997-2000 жылдары аспирантурада оқып жүрген кезінде де энциклопедиялар тақырыбын зерттеуді одан әрі жалғастырды. Көп жылдық ізденістерінің нәтижесінде 2001 жылы Бауыржан Жақыптың ғылыми жетекшілігімен «Қазақ энциклопедиялық басылымдарының проблемалары» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған.

Аталмыш ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Қазіргі телеграфтық журналистика және ақпараттық үрдістер», «Қазақ басылымдарындағы ресми романтизм», «Ұлттық басылымдағы сараптама», «Қазақ көсемсөзіндегі әдеби сын мәселелері» сынды тақырыптар талқыланды.

**Айғаным ЕРЖАНОВА,**
*4-курс студенті*

**Музей КазНУ стал победителем республиканского конкурса, посвященного 70-летию Победы в ВОВ в номинации «Эстафета памяти: помним и чтим»**

# Математика в социологии

**На очередном заседании научного семинара кафедры социологии и социальной работы, посвященном обсуждению научного формирования математической культуры социолога, принял участие ученый-математик, доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК, заслуженный деятель науки и техники РК, лауреат государственной премии РК Аскар Джумадильдаев. Он поделился богатым опытом своей деятельности в качестве бывшего сотрудника университетов и научных центров западных стран.**



В выступлениях профессоров А.С. Джумадильдаева, Г.С. Абдирайымовой, К.У. Биекенова, Н.У. Шеденовой, доцента М. Маульшариф и доктора PhD С. Серикжановой были рассмотрены не только кардинальные решения дальнейшего укрепления связи математики и социологии, но и подчеркнуто, что качество социологического образования зависит от эффективности математической грамотности и от того, какой методологией и какие конкретные факты исследуются. Математическая культура требует всесторонних исследований. А это значит, что прочного усвоения современного курса математики невозможно без глубокого интереса к ней.

Участники семинара обратили внимание на согласованность математической социологии с реальными интересами человека и воспитанием, потребности студента в социологической науке. Математика лучше учит человека искусству мыслить, т.е. учит не только идеям, но и главным образом тому, как обращаться с идеями креативности, конкурентоспособности.

Математика помогает студентам достигать высшую цель, абстрагировать, единство частей, учит алгоритмичности, периодичности, дает знания по смежным математическим дисциплинам. Каждая из предложенных задач требует от студентов умения мыслить объемно, глобально, действовать локально, с использованием различных методов анализа математического материала. На конкретных фактах продемонстрирована как математика помогает решить многие актуальные задачи сегодняшнего дня, которые выражаются в наиболее типичных тенденциях развития современного образования.

К числу этих тенденций могут быть отнесены вариативность и гуманитаризация вузовского образования. Вуз, образовывая человека, развивает его речь. Математика — это язык науки. Дело в том, что из всех аспектов изучения человека наибольшее время отводится на изучение языка. Из всех остальных предметов наибольшую глубину имеет изучение математики. Наука может жить только тогда, когда она руководствуется математикой, — говорил Маркс. Однако гуманитаризация математического образования — не только и не столько в языковой функции математики. Образование — всегда взаимодействие культур. Говоря о математическом образовании, в частности, о содержании обучения математике, участники семинара говорили о взаимодействиях культуры знания, т.е. математической культуры с культурой студента и преподавателя. Результатом такого тройного взаимодействия, говорят участники семинара, формируется математический стиль мышления, приемов и методов умственной деятельности.

Сейчас математика приблизилась к жизни, крепнет сотрудничество социологии с математической наукой. Знания основ конкретных социологических исследований возможно, если одним из компонентов профессиональной подготовки социолога будет его математическая культура. Ибо почти каждое конкретное социологическое исследование, так или иначе, использует математический аппарат. Постепенное проникновение математических методов в социологию рассматривается как закономерность развития не только самой математики, но и социологии. В мире «принципиально нематематических дисциплин» вообще не существует.

В университетской программе, например КазНУ, по социологии студенты изучают несколько предметов, которые связаны непосредственно с математикой. Другое дело — степень математизации и этап эволюции научной дисциплины. Социология дифференцируется. Складывается представление о становлении новой научной дисциплины — математической социологии.

Целью семинара явилось совершенствование обучения преподавателей применению математических методов в социологии, дать им необходимый объем математических положений, математическую грамотность, определенную сумму знаний в таких областях математики как теория вероятностей и математическая статистика, методы минимакса и оптимизации, численные методы решения уравнений и систем, теория информатики и управления, матричная алгебра; методы индукции и дедукции. Участникам семинара показана необходимость применения математических методов при различных условиях для полного изучения социальных процессов, а также продемонстрированы методы применения математической социологии в квантификации — процедуре выявления свойств социальных объектов в количественной форме.

На семинаре уделено внимание и такому аспекту математической культуры социолога как математическое моделирование социальных процессов, в котором выражается язык математических соотношений теоретических и эмпирических представлений о свойствах социальной действительности. Математические модели имеют как чисто теоретический, так и практический характер. Например, прикладной характер носят модели новой системы подготовки научных кадров Split PhD в Казахстане. Речь идет об активизации исследовательской работы.

Математическое моделирование дает социологу и многообразное использование электронно-вычислительной техники. Эффективность эмпирического исследования будет высока, если преподаватели владеют метасоциологией — моделированием действительности. Запросы практики определяют то, что математика становится эмпирической, проявляется, например, в том, что преподаватели должны больше заниматься аналитической работой.

**К.У. БИЕКЕНОВ,**
*руководитель семинара, д.соц.н., профессор кафедры социологии и социальной работы*

# Ғибратты әңгіме

**Ұлы Жеңіс күні қарсаңында өзім оқитын филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде Алматы қаласы Бостандық ауданының тыл ардагерлері – Марат Рахимов, Асқарбек Нәбиұлы, Сайлау Қасымұлы, Қабиболла Сейітов сынды көненің көзін көрген қазыналы қарттарымызбен кездесу өтті. Балалық шағы сұрапыл соғыс кезеңімен тұспа-тұс келген ардагерлер жастармен жүздесуде өткен күндерден көптеген естеліктер айтты. Бүгінгі бейбіт заман үшін ардагерлерімізге мың алғыс айта отырып, өзіме қатты әсер еткен Қабиболла ақсақалдың оқиғасын замандастарыма айтып бергім келеді.**

— Мен соғыстың алдында үш жасымда жетім қалдым. Анам 1940 жылы ауырып қайтыс болды. 1942 жылы соғыста әкем қайтыс болды. Ата-анамнан бірдей айырылып, ауылда жетім қалдым. Үй дейтін үй де жоқ, кеш бата кеп, түнеп шығамын. Таңертең тұрып алып көшеге қараймын, қай үйден түтін шығып тұрса, тамақ жасап жатқан болар деп сол үйдің есігінен кіріп тұрам. Ол кезде жағдай өте ауыр. Ешкімде артық азық-түлік жоқ.

Ауылдағы ер азамат түгел соғысқа кетті. Мен ауылда тентіреп өмір сүрдім. Бір үйдің отынын тасып, бір үйдің күлін шығарып, малын жайғастырып бес жасыма дейін ауылда солай күнелттім. Өлмеу үшін тамақ ішу керек. Әр үйдің шаруасын істеп, бір үйден бір кесе айран, бір үйден аз нан жеп, күн өткіздім. Нанды айлап көрмеген күндеріміз болды. Сүйектеріміз сүйегімізге ілініп әзер жүрдік.

Ең алғаш қарным тойып тамақ ішкенім алты жасымда. Мені колхозшылар бригадасына мүше ғып қабылдады. Шөпшілерге бір нанды төртке бөліп, бір кесе көже беретін.

Онда қазіргідей техника жоқ. Барлығы малдың күшімен жасалатын. Шөп шабылып оны жалдағасын сырмамен екі жағынан жинайды. Сырманың бір жағында мен отырам. Өгізге мінуді білмегендіктен, жетектеп жүрем. Аяғыма сояу кіреді, ақсаңдаймын. Кейіннен өгізге мінуді де үйрендім. Тіпті өгіздің үстіне тұрып алып, жұмыстан кейін жарысатын да болдым.

Ол кезде киім де жоқ. Бәрі де соғыс үшін, бәрі де жеңіс үшін! Ауылда қандай да бір нәрсе жасалса, міндетті түрде соғысқа жіберіледі. Киім болмаған соң үлкен шешеміз қойдың терісіне айран қосып жібітіп илеп, тері шалбар және тон тігіп беретін. Ол қыста жақсы жылы, жазда ыстық болатын.

Біз оқуға барғанда жазатын дәптеріміз болмады, ескі газет, кітаптың үстіне жаздық. Қарындаш жоқ, қалам ұш деген нарсе болады. Соны жас талды жарып басына бекітіп, мықтап орайтынбыз да сонымен жазатынбыз. Қыс мезгілінде малдың қанымен де жазу жаздық. Кейін Селиноградқа институтқа оқуға түстім. Оқуымды бітіріп, ауылға келдім. Совхозда бас маман болып жұмыс істедім. Осылай талай қиындықты бастан кештік. Өмір өз заңымен жылжып өтіп жатты. Бүгін, міне, алдарыңа жүзін әжім басқан, шашы ағарған ата болып келіп тұрмын. Менің көрген бейнетімді сендерге құдай бермесін! Жолдарың ашық болсын! Үлкенді сыйлай біліңдер, қазақ елінің болашағы сендерсіңдер, жастар!

**Сержан Мұхтар,**
*филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті*

**ҚазҰУ-да кезекті «БҰҰ моделі – Жаңа жібек жолы-2015» атты халықаралық студенттік конференция өтті**

# Бұрындық хан

**Бұрындық хан – Қазақ хандығының нығаю кезеңінде, оның алғашқы бөлігінде отыз жылдан астам хандық билікті иеленген тұлға және қазақтың үшінші ханы. Ол – Керей ханның үш ұлының үлкені. Нақты қай жылы дүниеге келгені белгісіз, бірақ шамамен 1430-1440 жылдары туылған деуге болады. Бұрындық ханның есімі жазба дерек мәліметінде алғаш рет 1469-1471 жылдар аралығындағы оқиғаларға байланысты ұшырасады. Бұл жылдар Қазақ хандығының құрылу кезеңінің соңы болатын. Әбілқайыр хан қайтыс болып оның мұрагері Шайх Хайдар ханға қарсы қарсыластары күрес жүргізеді. Қазақ хандығы тарапынан деректер Жәнібек ханның есімін атайды. «Жәнібек хан адамдары ішінен Бұрындық хан өз ұлысын жиып, Әбілқайыр хан ұлдарына тарпа бас салды. Олардың қарсыласуға күштері келмей, жан-жаққа бытырай қашты. Бұрындық кейін қайтқан соң, олар қайта жиналып бас қосты», – деп баяндайды.**



Бұрындық ханның қазақ тарихында есімі жарқырап көрінген тұсы – XV ғасырдың 70-90-жылдары болды. Бұл Қазақ хандығы үшін күшею, нығаю және қазақ халқының этникалық территориясын біріктіру жолындағы күрес жылдары болды. Алғашқы күрес Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлер үшін жүргізілді.

Күрестің басталуына Әбілқайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани ханның Мәуереннахрдың қол астындағы Түркістан аймағындағы қалалардың біріне келіп, бекінуі түрткі болады. Осы жылдары өзара феодалдық соғыстарды бастан өткеріп жатқан Мәуереннахрдағы темір әулетінің билеушілерінде Түркістан аймағын қорғайтындай күш жоқ болатын. Сондықтан да оларға Қазақ хандығының негізгі жауы – шибанилық сұлтандарды қазақтарға қарсы қою өте тиімді еді.

Қазақ хандығы Мәуереннахр билеушілерінің бұл әрекетіне бірден қарсы шықты. Қыс мезгіліне қарамастан Бұрындық хан бастаған қазақ әскерлері Мұхаммед Шайбани хан бекінген Сығанақ, Сауран және Созақ өңірлерінде ұрысқа түседі. Бірнеше рет болған ұрыстарда жеңілген Шайбани хан қашуға мәжбүр болады. Аймақтың басқа да өңірлерінен айырылып қалу қаупін сезген аймақтың әкімі Мұхаммед Мазид-тархан Шайбани ханды Самарқанға кетуге көндіреді. Осылайша күрестің алғашқы кезеңі Қазақ хандығы үшін сәтті басталып, аймақтың солтүстік өңірлерінде Қазақ хандығының саяси билігі орнығады. Бұл ұрыстар шамамен алғанда, 1470 жылдардың ортасында өтеді.

Ал XV ғасырдың 80-жылдарында Мұхаммед Шайбани хан Мәуереннахр билеушілеріне арқа сүйеп, аймаққа тағы да енеді де, солтүстік өңірдегі қалаларды басып ала бастайды. Бұрындық хан және Жәнібек хан ұлдарының қарсы қолданған әрекеттері нәтижесінде Әбілқайыр ханның немересі Түркістан аймағынан тағы да қашуға мәжбүр болады. Ал Қазақ хандығы болса аймақтың солтүстік өңірін қорғап қана қоймай, аймақтың орталық және оңтүстік өңірлерінде өз ықпалын күшейте бастайды.

XV ғасырдың 80-90-жылдары Мәуереннахрда феодалдық бытыраңқылықтың одан әрі тереңдеуі Қазақ хандығына өте тиімді болды. Қазақтар хандығының аумақта саяси-экономикалық ықпалының күшеюіне енді сол кездегі көршілес мемлекеттердің бірі – Моғолстан қарсылық білдіре бастайды. Моғол ханы Сұлтанмахмұт хан тікелей ашық соғысқа бара алмай, ол да Шайбани ханды қазақтарға қарсы қолданады. Сұлтанмахмұт хан Мәуереннахрдан аймақтың бір бөлігін тартып алып, онда Шайбани ханды билеуші етіп қояды. Деректерде, моғол ханының бұл ісіне қарсы Қазақ хандығы наразылық білдіреді және осыған байланысты екі жақ арасында екі рет ұрыс болады, екеуінде де қазақтар жеңіске жетті деп жазылады. Осы кездердегі сыртқы саясаттағы жеңістердің барлығында да Бұрындық ханның үлесі өте зор. Оның беделінің және атақ-даңқының әбден өскен кезі де осы тұс.

1490-жылдары Сыр бойы үшін күрес тағы жүріп, ол ақыры бейбіт келісіммен аяқталады. Келісімнің қорытындысы бойынша Түркістан аймағы үшке бөлініп, оның солтүстігінде Қазақ хандығы, оңтүстігінде Моғолстан, орталығында Мұхаммед Шайбани хан билік жүргізуге тиіс болады.

Мұхаммед Шайбани хан 1505 жылдан 1510 жылға дейін Қазақ хандығына қарсы 4 рет жорық ұйымдастырады. Жорықтардың алдына қойған саяси және экономикалық мақсаттарына: Қазақ хандығын бағындыру не әлсірету, Түркістан аймағын Мәуереннахрға қосу жатты. Бұрындық хан тарапынан бұған қарсы ешқандай шара қолданылмады. Бұл оның беделін түсіріп жібереді. 1510 жылы Шайбани ханның төртінші жорығы Қасым сұлтанның ұлысына бағытталады. Осы жорықта Шайбанилық хан тас-талқан боп жеңіліске ұшырайды. Қасым ханның жеңісі Дешті Қыпшаққа түгел тарап, оның атағын өсіреді. Бұрындық хан Дешті Қыпшақтан кетіп, Самарқанға келеді. Қай жылдары екені белгісіз, сонда жүріп ол қайтыс болады. Ол Үргеніш қаласы маңындағы Бақырған ата қабірінің жанына жерленген.

**Берекет КӘРІБАЕВ,**
*т.ғ.д., профессор*

*(Басы өткен сандарда. Жалғасы бар)*

## «Ұлттық идеямыздың бес ғасырдан астам тарихы бар»

**Жуырда филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті мен тарих, археология және этнология факультеті студенттерінің ұйымдастыруымен «Қазақ хандығының құрылуына 550 жыл» атты ғылыми конференция өткізілді. Оған осы тақырып төңірегінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген тарих ғылымдарының докторлары, көптеген тарихи зерттеу еңбектерінің авторлары мен студенттер қатысты.**

Елбасымыз өз сөзінде: «1465 жылы сұлтандар Керей мен Жәнібек алғаш рет хандық құрып, біздің тарихымыз Қазақ мемлекеттілігін осы кезден бастайды. Мүмкін, бұл термин біздің қазіргі түсінігіміздегі, бүгінгі шекарамыздағы бүкіл әлемге танымал және беделді болғанымыздай мемлекет бола алмаған да шығар. Бірақ сол замандағы басқа барлық мемлекеттер туралы да осылай айтуға болады. Ең маңыздысы, сол кезде мемлекетіміздің негізі қаланғандығы, ал біздердің ата-бабалардың ұлы істерін жалғастырғанымыз», – деген еді.

Егемен ел аталғалы бері Қазақ хандығының мерейтойы алғаш рет аталып өткелі отыр. Қазақ хандығының құрылуы тарих ғылымында тереңінен зерттелгенімен, әлі де болса зерттеуді қажет ететіндігі сөзсіз. Осы орайда аталмыш шара студент-жастардың өз елінің патриоты болып өсуіне, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде елінің тарихын жан-жақты қызығушылықпен зерделеуіне жол ашуды, өз ой-пікірлерін саралап, оны өзгелермен бөлісу және талқылау қабілеттерін арттыруды мақсат етті. Студенттер Қазақ хандығының құрылуына байланысты Т. Омарбеков, Ә. Хасенов, М.Х. Дулати, Вельяминов–Зернов, Т. Сұлтанов, Б. Кәрібаев сынды зерттеуші ғалымдардың тарихи деректері жайында өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды. Олар тарихи деректерден сан алуан мәліметтер жинап, тақырып аясында баяндамалар жасады. Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушылары Ф. Қозыбақова, Б. Сайлан, С. Смағұловтардың жетекшілік етуімен әр студент өз пікірін жақтап, тарихи деректерді талдай отырып дәлелдеп, өздерінің тарихқа деген ынта-қызығушылықтарын көрсете білді. Сонымен қатар шара барысында ғалымдар өз пікірлерін білдіріп, тақырып аясында көптеген мәселелерді қозғады. Олар студенттерге өзіндік бағасын бере отырып, жылдар бойы жинақтап, тер төгіп зерттеген құнды материалдары мен тәжірибелерімен бөлісті. Айтылған деректер студенттер үшін тың әрі қызықты дүниелер болды.

Қорыта келе, «Қазақ хандығының 550 жылдығының» республика көлемінде атап өтілуі тәуелсіздігіміздің іргесінің беріктігін, ата-бабалар аманатына деген адалдық пен құрметті, ұлттық идеяның тұғырлы екендігін көрсетеді. Елбасымыз өз сөзінде: «Қазақ хандығының шаңырақ көтеруімен ұлттық идея мемлекет пен оны құраушы этносты, тарих сабақтастығын үзбестен дараландыра түсті. Ұлттық идеямыздың бес ғасырдан астам тарихы бар. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы!», – деп атап көрсеткен еді. «Мәңгілік ел» идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүрінбірмей жеткізетін тұғырлы идея болды. Кейін де ол идея елдің талантты ұл-қыздарын әлемдік ақыл-ойдың асқар шыңына алып шығуға септігін тигізді. Біз, студент-жастар – еліміздің жарқын болашағымыз және Елбасымыздың "Мәңгілік ел" идеясымен Қазақ мемлекетінің мәңгі гүлденуіне міндетті түрде өз үлесімізді қосамыз.

**Айжан ЖАРЫЛҚАСЫН,**
*филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті*

## Студенты и преподаватели КазНУ провели чествование ветеранов Великой Отечественной Войны и трудового фронта

# "Мир как воля и представление" Артура Шопенгауэра

**Данное произведение прославило имя немецкого писателя далеко за пределами его Родины. Наряду с этим сочинением, докторская диссертация известного мыслителя Шопенгауэра, а также две его книги "Основные проблемы этики" и "О воле в природе" принесли ему всеобщую известность и признание. Будучи слушателем профессоров Шульце и Фихте, он с особым увлечением изучал философию Канта и Платона.**

Первостатейная идея философа-иррационалиста заключается в том, что воля есть абсолютное. Пессимистическая философия Артура Шопенгауэра получила широкое распространение и во всей Европе. Не только в XIX веке книга "Мир как воля и представление" обладала огромной популярностью, ее актуальность значима и по сей день. О философе, его интересных и здравых идеях позже писали Владислав Отрашенко в книге "Сумашествие Мировой Воли"; А. Мочкин "Метаморфозы консерватизма в философии А.Шопенгауэра и Ф. Ницше"; А.Чанышев – "Человек и мир в философии А. Шопенгауэра"; Бертран Рассел в книге "История западного государства". Шопенгауэра любят за его доходчивый и внятный язык, отличающего его тем самым от других немецких классиков. В числе первых, радужно принявших идеи философа, были такие публицисты, журналисты, литературные критики, как Н.Страхов, АДружинин, В.Боткин, П.Анненков. Поэт и переводчик Дмитрий Цертелев впервые в России заговорил об эстетике Шопенгауэра.

"Мир как воля и представление" – основное произведение автора. Он утверждает, что мир поразителен, существуют индивидуальные, т.е. "мои" идеи, "мои" понятия, представления, концепции, гипостатис. Иными словами, каждый воспринимает мир по-своему. Человек смотрит и расценивает жизнь через призму своих ощущений, переживаний, эмоций, опыта, впечатлений. Для одного жизнь – сказка, рай на земле, он улавливает лишь радужные, приятные, благостные ноты Вселенной. Другому же, та же жизнь представляется мраком, грустью, тоскою, он лицезреет в ней лишь печаль и томление. "Если хочешь подчинить себе все, подчини себя разуму", – писал Шопенгауэр. Все берет свое начало в голове, в сознании человека, и свет и тьма, и доброе и худое.



В своем шедевре любомудр разворачивает идеи об особенности волютивных (относящихся к воле) и эмотивных (связанных с чувствами, эмоциями) чертах человеческого духа. Он описывает значимость и весомость воли и духа в жизни индивидуумов. Шопенгауэр относится к миру, ко Вселенной, как "вещи в себе". "Отстранение" от мира возможно, он достигается путем сердобольности и гуманности, доблестного эстетического восприятия, аскетизма.

"Чем более человек имеет в себе, тем менее для него могут значить другие" – оставил глубокую по смыслу цитату философ. Бесспорно, любомудрец в большинстве своем выдвигает пессимистические размышления. Тем не менее, его изречения не угнетают, не наводят на тоску и скорбь, они не сокрушают и не обременяют. Напротив, раздумья автора подводят вас к мысли о том, что все мы счастливы и благополучны, но по-своему. Мыслитель передает формулу счастья в своем труде: "Нет необходимости концентрироваться на том, чего у вас нет, важнее и правильнее – помнить и дорожить тем, что вы имеете уже сейчас". Данный источник знаний, носящий название "Мир как воля и представления", – не дидактический, напротив, он дает простор и свободу собственным размышлениям. Философское чтиво XIX века никак не потеряло свою остроту и насущность. Для личностного роста, общего развития, кругозора в целом, это творение будет как нельзя кстати.

**Асемжан ЖАПАРОВА,**
*старший преподаватель*
*кафедры теории и методологии перевода*

**«Мир как воля и представление» – главная работа немецкого философа Артура Шопенгауэра. Её первый выход был в декабре 1818 года, а второй, в более расширенном издании, – в 1844. Сокращенная версия под редакцией Томаса Манна вышла впервые в 1948 году. В 1903 году работа была переведена на русский язык Ю.И. Айхенвальдом.**

# Бессмертное творение Шопенгауэра

Его работа состоит из четырех книг, которые включают в себя: эпистемологию, онтологию, эстетику и этику. У Шопенгауэра можно встретить различные рассуждения о воли и свободе, смысле жизни и смерти, в частности, о самоубийстве, которое автор осуждает. Шопенгауэр говорит о том, что из нашего мира получился замечательный ад. И это не пессимизм, это реализм. Нет, это даже оптимизм: ведь не просто "ад", а ещё и "замечательный". Впрочем, даже в "худшем из возможных миров" есть нечто прекрасное. Речь, безусловно, пойдёт о поэзии, изобразительном искусстве и музыке. Шопенгауэр ощущает, что "... ее воспроизведение мира должно быть очень интимным, бесконечно истинным и верным, ибо всякий мгновенно понимает ее". И, конечно, нельзя забывать о красоте вообще.

В своем эссе о Шопенгауэре Томас Манн назвал книгу «Мир как воля и представление» «метафизическим волшебным напитком». Читателю, долго находящемуся под впечатлением этой книги, писал Манн, всё, что бы он ни читал после неё, кажется «чужим, невежественным, неверным, произвольным, не дисциплинированным».

Ценность работы Шопенгауэра широко обсуждается. Некоторые исследователи оценивают Шопенгауэра как одного из наиболее креативных и вдохновляющих философов, в то время как другие находят его непоследовательным и слишком пессимистичным. Шопенгауэр оказал огромное влияние на психоанализ и работы Фрейда. Некоторые даже сомневаются в утверждении Фрейда, что он не читал Шопенгауэра до своей старости. В понятии подсознания присутствует "воля" Шопенгауэра, и теория безумия согласуется с этим. Рассуждения Шопенгауэра о языке и этике оказали огромное влияние на австрийского философа и логика Людвига Витгенштейна. Шопенгауэр также развивал некоторые идеи, которые можно найти в теории эволюции, до того, как Дарвин начал публиковать свои работы, например то, что жизнь стремится к порождению новой жизни. В современном понимании, можно сказать, что он уважал права животных, включая проблему проведения хирургических операций над живым животным с целью исследования функций организма. Современные активисты прав животных обращаются к его текстам.

Книга «Мир как воля и представление» нужна каждому, кто хочет обрести новое в своем сознании, кто хочет обогатить своё восприятие мира или просто понять точку зрения великого немецкого философа и мыслителя, автора бессмертных творений Артура Шопенгауэра.

**Лола МАМАДКАРИМОВА,**
*студентка 3 курса факультета филологии, литературоведения и мировых языков*

***Отрывок из книги «Мир как воля и представление»***

«... Смерть – поистине гений-вдохновитель, или музагет философии; оттого Сократ и определял последнюю как "заботливую смерть". Едва ли даже люди стали бы философствовать, если бы не было смерти. Поэтому будет вполне естественно, если специальное рассмотрение этого вопроса мы поставим во главу последней, самой серьезной и самой важной из наших книг. Животное проводит свою жизнь, не зная собственно о смерти; оттого животный индивидуум непосредственно пользуется всей нетленностью своей породы: он сознает себя только бесконечным. У человека, вместе с разумом, неизбежно возникла и ужасающая уверенность в смерти. Но как вообще в природе всякому злу сопутствует средство к его исцелению или, по крайней мере, некоторое возмещение, так и та самая рефлексия, которая повлекла за собою сознание смерти, помогает нам создавать себе такие метафизические воззрения, которые утешают нас в этом и, которые не нужны и не доступны животному. Подобное утешение составляет главную цель всех религий и философских систем, и они, прежде всего, представляют собою извлеченное из собственных недр мыслящего разума, противоядие против нашего сознания о неизбежности смерти. Но достигают они этой цели в весьма различной степени, и бесспорно, что одна религия или философия больше, чем другая, рождает в человеке способность спокойно глядеть в лицо смерти. Брахманизм и буддизм, которые учат человека смотреть на себя как на самопервосущество, брахму, коему, по самой сущности его, чужды всякое возникновение и уничтожение, – эти два учения гораздо больше сделают в указанном отношении, чем те религии, которые признают человека сотворенным из ничего и приурочивают начало его бытия, полученного им от другого существа, к реальному факту его рождения. Оттого в Индии и царит такое спокойствие и презрение к смерти, о котором в Европе даже понятия не имеют. Поистине, опасное дело – с юных лет насильственно внедрять человеку слабые и шаткие понятия о столь важных предметах и этим отнимать у него способность к восприятию более правильных и устойчивых взглядов. Например, внушать ему, что он лишь недавно произошел из ничего и, следовательно, целую вечность был ничем, а в будущем все-таки никогда не утратит своего существования, – это все равно, что поучать его, будто он, хотя и всецело представляет собою создание чужих рук, тем не менее должен быть во веки веков ответствен за свои деяния и за свое бездействие... ».

*Бетті жүргізген әл-Фараби кітапханасының кітапханашы-менеджері Жұлдыз МАНАПБАЕВА*

**Университет қалашығында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған жеңіл атлетикалық кросс өтті**

# Үздіктер сынға түскен күн

**«Сұңқар» студенттер кәсіподағы бастамасымен ұйымдастырылатын дәстүрлі жобалардың бірі – «Үздік студенттік топ» байқауы өз мәресіне жетті. Байқаудың басты мақсаты – студенттер арасында үздіктерді анықтау, оларды қоғамдық мәні бар іске араластыру, түрлі жобаларда деңгейін көтеру.**



Байқау екінші жартыжылдықта өз жұмысын бастаған болатын. Сол уақыттың ішінде үздік топтар түрлі сайыс пен тамаша кездесулерді өткерді. Еліміздің танымал тұлғаларымен өзара әңгіме-дүкен құрып мақсаттарын да айқындай түсті.

Алғашқы кезеңде қатысушы факультеттер өздерін байқау шарты бойынша таныстырып, түрлі бейнекөрсетілімдермен өз факультеттеріне шолу жасады. Неонды пайдаланып, ерекше қойылыммен де шыққандар болды. Бірқатар топтар өздерінің қиялы ұшқыр студенттерден ғана құралғандығын осылай дәлелдеуді жөн санаған. Келесі кезеңге тек жүйріктер ғана сүрінбей өтті.

Байқаудың екінші кезеңі наурыз айында өтіп, студенттер «Әлемді өзгертуді өзіңнен баста!» атты әлеуметтік бейнекөрсетіліммен жарыска түсті. Бұл жерде де топтар бірінен-бірі асып жатты.

Ал шешуші кезең мерекелі мамыр айына дөп келді. Қатысушылар өздеріне инновациялық жоба жасап, үздік екендіктерін дәлелдеді. Пайдалы, смарт қалашыққа қажет болатын ұсыныстарымен келген жас ғалымдарға көрермендер де, әділқазылар алқасы да дән риза болды.

Ауқымды тың жобалар жарысында үздік топтар өздерінің алғырлығы мен білімін, жаңашылдығы мен заманауи мүмкіндіктерін іс жүзінде көрсете білді. Биыл тәрбие жұмысы және тіл саясатын ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Т. Әбішов, ҚазҰУ технопаркі қызметкері А. Абжанов, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының директоры С. Баяндинова, «Хабар» телеарнасы «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды-зияткерлік ойынының редакторы Д. Мукаев, ҚазҰУ магистранты, инновациялық жобалар жеңімпазы А. Сәрсенова, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы А. Сыдықова және «Үздік студенттік топ» жобасының жетекшісі С. Сандыбаевалар қазылық етіп, жеңімпаз топтарды анықтады.

Сонымен, «Ең үздік студенттік топ» номинациясы бойынша химия және химиялық технологиялар факультеті жеңіске жетіп, Астананың туылған күніне орай ұйымдастырылып отырған экскурсияға жолдаманы ұтып алды. Ал, екінші орынды физика-техникалық факультеті (Ыстықкөлге жолдама) иемденсе, үшінші орынға филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті (Іле-Алатау Ұлттық саябағына жолдама) лайықты деп танылып, биылғы шараның жеңімпаздары қатарынан көрінді.

**Гүлжанат БЕЛАСАР,**
*журналистика факультетінің 1-курс студенті*

**«Сұңқар» студенттер кәсіподағының құрылғанына биыл 16 жыл толып отыр. Мерейлі күнге орай ҚазҰУ студенттерінің қамқоршысына айналған кәсіподақ екі мыңға тарта студентке қолдау көрсетіп, белсенді мүшелеріне марапаттар жасады. Бүгінде "Сұңқар" студенттер кәсіподағы университеттік маңызды жобалар арқылы мүмкіндігі шектеулі студенттерге қолғабыс көрсетіп келеді.**

# Мерейлі күн

Сұңқардың арулары мерекелі кешке әдемі кешкі көйлекпен келсе, жігіттері смокинг киіп, салтанатты кештің мәдени сымбатына көрік бере түсті. Кеш шымылдығын «Сұңқар» студенттер кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Айдана Сыдықова ашып, кәсіподақ жұмысына шолу жасап өтті.

Қызыл кілемшемен өтуден басталған кеш марапаттауларға ұласты. Марапатқа ие болғандар қатарында кеш қонақтары және «Сұңқар» белсенділері болды. Қонақта Бостандық ауданы "Нұр Отан" партиясы төрағасының орынбасары Нұрлан Оңласынұлы, Алматы қаласы «Жас Отан» жастар қанатының төрағасы Арман Қалыбеков және әнші Бейбіт Күшкалиев, Еңлік Ерболқызы, Дәулет Мукаев, «Қазақ аруы – 2014» байқауының жеңімпазы Гүлназ Жоланова болып, «Сұңқар» премиясын табыстады. Бұл ресми бөлімде барлығы жиырмаға жуық кәсіподақ мүшелері «Сұңқар» премиясымен және әртүрлі номинациялармен марапатталды.

Он алты жылдың ішінде студенттік кәсіподақ студенттердің белсенді болуына, тұлға ретінде қалыптасуына күш салып, өндірістік тәжірибелерін ұйымдастыруға да белсене атсалысты. Үлкен өмірге қадам басқанда қоғамдық жұмысқа араласқан студенттің ұтары көп екендігі айқын.

**Шұғыла БҮРЛІБАЕВА**

**Халықаралық қатынастар факультетінде мектеп түлектеріне арналған «Ашық есік» күні өтті. Бұл шараға Алматы қаласы Бостандық ауданындағы №125 орта мектебінің директоры Калима Яхъярова және 11 сынып оқушылары шақырылды.**

# ТАЛАПКЕР ҚазҰУ-ды таңдайды

Студенттік өмірге қадам басатын жастарды факультет ұжымы ерекше ілтипатпен қарсы алды. Олар оқушыларға факультет тарихы, қоғамдық өмірі, факультет мақтанышына айналған түлектері жайлы кеңінен баяндап берді. Факультеттің тыныс-тіршілігін үлкен қызығушылықпен тамашалаған оқушылар университет жайлы көптеген сұрақтар қойды. Ең бастысы – осынау ірі оқу орнын аралап, арнайы ұйымдастырылған мерекелік шараны қызықтау ғана емес, оқу жүйесі жайлы тереңірек ақпар алғанын атап өтуге тиіспіз.

Кездесу нәтижесінде бүгінде мектеп партасында отырған өрендердің арасында ертеңгі күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті атануға құмар жастардың көп екендігін байқадық.

**А. МҰРТАЗА,**
*дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушысы*

# ҚАЙЫРЫМ

***Жуырда философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының студенттері мен олардың куратор-эдвайзерлері «Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында «№2 Балалар үйіне» барып қайтты.***

Қайырымдылық іс-шара барысында балалармен жақыннан танысып, сұхбаттастық. Оған факультет оқытушылары, эдвайзерлер, магистранттар мен студенттер белсене атсалысты. Біз балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан 25 бүлдіршінге сыйлық табыстап, кішкене сәбилердің көңілін көтеру мақсатында концерт қойдық.

Дана халқымыз «Адамның бақыты – балада» десе, сол балаларымыздың саналы азамат болып өсіп-жетілуіне бар күш-жігерімізді салуымыз керек. Ал бұл ретте балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерге ыстық ықылас пен ерекше қамқорлық қажеттігі сөзсіз. Сондықтан мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын табарына сенеміз.

**М. ДЖЕКЕБАЕВА,**
*дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы,*
**Б. ӘБДІХАМИТОВ,**
*1-курс магистранты*

# Кітап айналымының әлемдік жобасы

**Бүгінгі технологиялар қаншалықты қарқынды дамып жатса да, әлем тарихының айнасына айналған миллиондаған ғылыми, әдеби туындыларсыз адамзат өмірін елестету мүмкін емес. Соған қарамастан, қазіргі қоғамда кітапханаға бас сұғып немесе кітап дүкендерінен әдеби кітап сатып алушылар саны өте аз. Осы орайда мен «Буккроссинг» жобасының әлемдегі сан мыңдаған кітаптардың өз оқырмандарымен қауышуына бірден-бір дәнекер бола алатындығын айтқым келеді.**



Буккроссинг – бұл кітап айналымының бүкіләлемдік жобасы. Оның аясында адамдар бір-бірімен кітап алмасып немесе қоғамдық орындарға қалдырып кету арқылы кітапқа, бір сөзбен айтқанда, «екінші жан» береді.

Енді буккроссинг жобасы білімнің қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалғасын тауып отыр. Жуырда «Al-Farabi university – Smart city» жобасы аясында философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасы, мәдениеттану мамандығының 3-курс студенттерінің жүзеге асыруымен «Буккроссинг эстафетасы – ҚазҰУ-да» атты инновациялық жобаның ашылу салтанаты өтті. Ашылу рәсіміне қатысып, қолдау білдірген факультет деканы Әлия Масалимова, дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі Айнұр Құрманалиева және өзге де кафедра оқытушылары өздерінің жеке кітапханаларынан кітаптар сыйлады. Бұл жобаның ҚазҰУ қалашығында үлкен қолданыспен жүзеге асарына сеніміміз мол. Қарап қалмаңыз, білім бұлағына жетелер жобаға Сіз де қатысыңыз!

**М. АЛИКБАЕВА, Н. МҰҚАН,**
*дінтану және мәдениеттану кафедрасының оқытушылары*

***Профсоюз «Сункар» объявил победителей конкурса «Самая лучшая студенческая группа», ими стали студенты факультета химии и химической технологии***

# «Победный» кросс

**На территории кампуса КазНУ прошел легкоатлетический кросс, посвященный 70-летнему юбилею Победы в Великой Отечественной войне. В мероприятии приняли участие студенты, профессорско-преподавательский состав, докторанты и сотрудники факультетов университета. Организатором кросса выступил факультет биологии и биотехнологии.**



Кросс стартовал с южной стороны Научной библиотеки. На стадионе университета, прибежавших первыми, встречали с песнями и музыкой военной тематики. После финиша все участники кросса получили юбилейные сертификаты.

В ходе мероприятия также совместно с профкомом работников университета «Парасат» и военной кафедрой была организована полевая кухня, где была приготовлена солдатская каша и горячий чай для всех участников кросса. Всего в мероприятии приняло участие свыше 600 человек.

Проведение забега в КазНУ в честь Дня Победы стало доброй традицией. Каждый год студенческий актив университета и преподаватели собираются и проводят спортивные мероприятия в честь этого великого праздника.

**Соб.корр.**

# Макулатура өткізіп, ағаш өмірін сақта!

**8 мамырда заң факультетінің «Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы» экоинновация және энерготиімді технологияларды енгізу бойынша университетте жүзеге асырылып жатқан «ҚазҰУ Green Campus» жобасы аясында 302-оқу тобының ұйытқы болуымен университет аумағында макулатура жинауды ұйымдастырды.**



Бұл іс-шара жастардың экологиялық көзқарасын, табиғатқа деген үлкен парасаттылық, жауапкершілік қарым-қатынасын қалыптастыруды, қоғамдық пайдалы еңбек арқылы табиғатты аялап, қорғауға шақыруды, экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыруды мақсат етті. Оның барысында студенттер мен оқытушылар университет ішінде пайдаланылған 500 кг (А4, газеттер, журналдар, чектер және т.б.) қағаз жинады. Барлық жиналған қағаз өнімдерін студенттер «Карина» компаниясына өткізды. Сондай-ақ белсене атсалысқан студенттер мен қызметкерлер алғыс хаттармен және «Карина» компаниясының түрлі өнімдерімен марапатталды.

Біз білетіндей, өңделген бір тонна макулатура 10 ағашты кесуден сақтайды, 20 000 литр суды, 1000 кВт электр қуатын үнемдейді және 1700 кг CO2 шығуына жол бермейді. Әлем ресурстарын тиімсіз пайдалану және қалдық мәселелері біздің әрқайсымызға қатысты және болашағымызға тікелей әсерін тигізеді. Сондықтан бәрімiздің қатысқанымыз игілікті істі атқарғанымыз болып табылады деп қорытындылағымыз келеді.

**М.Н. УМБЕТОВ,**
*заң факультетінің аға оқытушысы*

# Тағылымы мол шара

***Жуырда Юнус Эмре атындағы институттың Түрік мәдени орталығы мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұйымдастыруымен 1884-1964 жылдары өмір сүрген жазушы, академик және ағартушы Халидэ Эдип Адыварды еске алу мақсатында халықаралық конференция өтті.***

Шараны ұйымдастырушылар атынан сөз алған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі профессор Назгүл Шыңғысова: «Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістер, мәдени және рухани салалардағы өзгерістер құндылықтардың да өзгеруіне әкеледі. Түркиядағы Халидэ Эдип Адывар кезеңінде немесе Алаш қозғалысы кезінде қозғалған әйел теңдігі, әйел мүддесі мәселелері қазір жоқ. Алайда, ер-азаматтарға сүйеу болып, ақылымен, парасатымен ел басқарған, аталы сөз айтқан осындай батыр қыздардың есімдерін болашақ ұрпақтың есінде қалдыру мақсатындағы осындай конференциялар жиі өткізілсе нұр үстіне нұр. Осындай биік жетістіктерге жеткен, білімді, белсенді әйелдер туралы жиі ақпараттар беріліп, олардың үлгіге толы өмір жолдарын насихаттау арқылы біз бүгінгі нәзік жандыларды тәрбиелеуге үлес қосамыз», – деп іс-шараның мақсатын айқындап берді.

Конференция тек бір ғана адамның шығармашылығына емес, жалпы қоғамдағы әйел адамдардың рөлі және қызметіне арналды. Оған Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының орынбасары Маралтай Ыбраевың айтқан сөзі мысал бола алады. «Қазақ халқы ықылым заманнан ананы кадірлеп, құрметтеген. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с) ең әуелі жақсылық анаға, анаға, анаға, сосын барып әкеге құрмет көрсетіңдер деп насихат жасаған. Әйел ана ер-азаматтардың жоқтығын білдіртпейтін, қажет болса біртұтас елді басқарып отырған аналар бар. «Отан отбасынан басталады» демекші, сол кішкентай отбасы құндылықтары ананың әлдиі, ақ сүті арқылы бойға дарып, ойға сіңеді. Қазақтың барлық жыр дастандарындағы барлық образға бір-бір ескерткіш қойса әбден лайық», – деді ол.

Осы орайда Халидэ Эдип Адывар тек қана жазушы емес, ол әйелдердің құқықтарын алға тартқан саяси басшы екенін де айта кетуіміз керек. Бұл қоғамдағы өзекті мәселе. Әйел ана «бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаса керек. Қазіргі қоғамдағы әйел тек қана үйде отырып жұмыс жасамайды. Ол – қоғамның түйткілді мәселелеріне толыққанды жауап беріп, үн қатушы тұлға екендігі рас.

**Айжан ТОҚШЫЛЫҚОВА,**
*журналистика факультетінің*
*3-курс студенті*

## ДЕНСАУЛЫҚ

**ҚЫЗЫЛША –** жедел жұқпалы ауру. Негізгі белгілері; қызуы көтеріліп, қызылшаға тән теріде бөртпелер пайда болып, көзі қызарып, тыныс ағзалары зақымданады.

***Эпидемиология.*** Ауру тек науқас адамнан жұғады. Аурудың жасырын кезеңінің 2-күнінен денедегі бөртпелер 4 күн аралығында қатынаста болған адамдарға тыныс алу арқылы ауадан жұғады. Адам өмірінде қызылшамен ауырмаған болса, не егілмеген жағдайда, өзіне жұқтырады.

Қызылшаның белгілері, өрбуі. Жасырын кезеңі 9-11 күн. Алғашқы белгілері: қызуы көтеріліп, әлсізденіп, тамаққа тәбеті нашарлап, мұрнынан су ағып, ащы жөтел пайда болып, көзі қызарып қабынады. Одан жұмсақ және қатқыл таңдайда теңбіл (пятнистая) бөртпелер пайда болады. Екі ұрттың үстінде қызылшаға тән майда ақшыл бөртпелер кілегей қабығының үстінде ерекшеленіп тұрады, мұндай белгіні Бельский-Филатов-Коплик бөртпелері дейді. Сыртқы түріне қарағанда бұл бөртпелер «манна» түйіршігіне ұқсайды. Теріде қызылшаның бөртпелері пайда болғанда Бельский-Филатов-Коплик бөртпелері кетіп қалады. Қызылша бөртпелерінің ерекшелігі бірінші күні бөртпе – бетте, мойында, екінші күні бөртпелер денеде, қол, сан терілерінде, үшінші күні балтыр, аяқтарда шығады, ол күні беттегі бөртпелер бозарады. Бөртпелер көлемі 2 мм болып, кейде бірнешеуі бірігеді, дегенмен әрбір бөртпелер арасында таза тері көрініп тұрады. 3-4 күннен кейін бөртпелер бозарып, орны қоңырланып, жұқа қабыршықтар қалады. Қызылшаға көздің қызарып, қабынуы, іріңшығып, таңертең кірпіктерін ашудың қиындығы, мойын



артында, қолтық бездерінің үлкеюі, ұстағанда ауырсынуы тән. Кейде өкпеде сырыл естілуі, кейбір науқастың іші ауырып, аздап өтуі мүмкін.

Қызылшаның асқынғанында ағзаның орталық жүйке жүйесінің жұмысы зақымдалып, жүйкенің қабынуынан өзгерістер көп болады.

**ҚЫЗЫЛША (КОРЬ) –** жұқпасына қарсы атқарылып жатқан шаралар

Ағымдағы 2015 жылы ауа тамшы жұқпасы бойынша ауданның эпидемиологиялық жағдайы жайсыз. 2009 жылдың 30 желтоқсанындағы ҚР Үкіметінің Қаулысы және 2013 жылдың 12 ақпанындағы өзгерістер бойынша егу күнтізбесінде 1 жасқа және 6 жасқа толған балаларды қызамыққа, қызылшаға қарсы егу жүргізіледі. 30 жасқа дейінгі барлық Қазақстан тұрғындарына қызамыққа, қызылшаға қарсы вакцина алуына болады.

2011-2015 жыл аралығында ВОЗ бағдарламасы бойынша сәуір айында жыл сайын егу апталығы өткізіледі. Ағымдағы 2015 жылдың 23 қаңтар мен 7 ақпан аралығында 15-19 жас аралығындағы тұлғаларды қызылшаға қарсы қосымша егу жұмыстары жүргізілді. Бостандық ауданы бойынша 26484 тұлға екпе алған.

Қызылша жұқпасының адам ағзасына келтіретін зардабы орасан, сондықтан да қызылша жұқпасының белгілерін тұрғындарға жеткізіп отырмыз.

**Г.М. КУМАШЕВА,**
*ҚазҰУ денсаулық сақтау бөлімшесінің меңгерушісі,*
**Н.Қ. ҚАЗЫБАЕВА,**
*Бостандық аудандық Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының жетекші маманы*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Ақмарал ҚУАНЫШЕВА, Рүстем АБРАЕВ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілшілер: **Талғатбек АСАНОВ, Азамат БУЛАТОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**
**Таралымы 1000 дана**
**Тапсырыс №421**

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.